

## Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Бұйрық Әділет министрлігі 2000 жылғы 26 сәуір N 40 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 27 сәуірде тіркелді Тіркеу N 1122. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 115 бұйрығымен.

-----*Бұйрықтан үзінді*-----

*Қолданыстағы заңнамамен сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:*

*1) . . . . .*

*2) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 26 сәуірдегі N 40 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1122 болып т і р к е л г е н ) ;*

*3).....*

*М и н и с т р*

-----  
"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Z952198\_ 1995 жылғы 17 сәуірдегі және "Қазақстан Республикасында банктер және банкілік қызметтері туралы" Z952444\_ 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің құзыретінен кейбір банкілік операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу және таратуын тіркеу) бойынша функциясы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарының құзыретіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 15 қаңтардағы N 3 "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу сұрақтары" V990667\_ бұйрығына мынадай өзгерту енгізілсін:

2-тармақтың бесінші абзацындағы "барлық банктер және кейбір банкілік операцияларды жүргізетін ұйымдарды" деген сөздері "банктерді" деген сөзімен ауыстырылсын.

3. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК